

Қаракемер мектеп-балабақшасының 2023-2024 оқу жылындағы 9-сыныптың тәрбие жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылының сыныптың тәрбие жүйесін жоспарлау мен тиімділік мақсатын талдау бойынша оқушылардың дамуында әлеуметтік жағдайының динамикасын талдау:

Барлық 7 оқушының 2 қыз, 6 ұл.

Көп балалы отбасынан- 6 бала

Сынып ұжымы дамуына талдау:

Сыныпты жалпы зерттегенде сыныпта белсенді бірнеше оқушылар бар. Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы өте жақсы, қалыпты. Сыныпта бірнеше сынып белсенділері бар. Сыныптың рухани-психологиялық ауа-райы, оқушылардың қарым-қатынастық мінезі – қыз балалар өзара да, ер балалармен де сыпайы қарым-қатынаста. Қыз балалар сынып ішінде шешім қабылдағанда басымдылық көрсетеді.

Сынып оқушылары қазақ тілінен, орыс тілінен, әдебиет және дене шынықтыру пәндерінен қосымша сабақтарға қатысады.

Оқушылар апталықтарға, мектептің түрлі іс-шараларына қатысып, белсенділік таныта білді.

Мектеп өміріне сынып оқушыларының қатысуын талдау:

Мектеп шараларында сынып оқушыларының қатысуға қызығушылығы бар, белсенділік көрсете біледі.

Сынып оқушыларының дамуына талдау:

- Оқушылардың көркем-эстетикалық, еңбек және шығармашылық таным деңгейі, сынып кабинетінің тазалығын ұстау, мектеп формасын кию, сынып кезекшілігін жауапкершілікпен атқаруда, сенбілік жұмыстарын жүргізуде олардың еңбек, көркем –эстетикалық деңгейін өте жақсы деп бағалауға болады.



- Оқушылардың әлеуметтік- мәдени өзгерісінің дамуына мектепте өтетін іс-шараларға қатысады. Жайдарман ойындарына қатысып жүлделі орындарға ие болып жүр.



Сыныптағы қыз балалар мектептің би үйірмесіне қатысып, іс-шараларда өз өнерлерін көрсетіп жүр.

Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының тиімділігі мен сыныптағы тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуына талдау:

Сыныпта өткен тәрбие шараларының мазмұнынан оқушылардың аса ықыласпен қабылдағаны:

- «Тәуелсіздік-ел тірегі» атты тәрбие сағаты;
Оқушылардың рухани қалыптасуы мен дамуына әсер еткен тәрбие шаралары:
- «Тәуелсіздіктің жеті қыры»

Саналы тәртіп пен еңбекке деген жауапкершілікті қалыптастыруда ықпал ететін шараларға оқушылар белсене катысады. Оқушыларға үнемі жол ережелерін сақтау, абай болужайында үнемі жұмыстар жүргізіліп отырады.

Сынып жиналысы, қыздар жиналысы, ұлдар жиналысы өткізілді. Құқықбұзушылық пен тәртіпсіздіктерді алдын-алу мақсатында сыныпқа аудандық полиция бөлімшесінің қызметкерлері келіп жиналыстар мен түсінік жұмыстарын жүргізіп тұрады. Қуанышымызға орай сыныбымызда тәртіп бұзатын, мектепшілік немесе аудандық тізімде тұрған оқушылар жоқ. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылық жұмыстарының жүргізілуі барысында көптеген жұмыстар жүргізілді. 2023-2024 оқу жылының басында жоспар бойынша құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын!» деген тақырыпта тәрбие сағаты, «Буллинг дегеніміз не?» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Жолда жүру ережесі бойынша «Жол ережесін білесің бе?» атты тәрбие сағаты және «Жол жүрісі қағидалары» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Өмір қауіпсіздігі бойынша «Күзгі ,қысқы ,көктемгі каникул кезіндегі қауіпсіздіктер» деген тақырыпта түсінік жұмыстары тоқсан сайын жүргізіліп отырылды. Ата-аналармен де түсінік жұмыстар жүргізіліп, қауіпсіздік парағына қол қойып алдырылды. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында оқушыларға электр тоқтарынан, өзен-көлдерден абай болуы, жалпы қауіпсіздік ерелерін қатаң сақтау ескертіліп түсінік жұмыстары жүргізілді.

Мектеп психологымен ,әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып бақылау жұмысын жүргізу кезінде сыныпта шет қалған бейресми оқушылар жоқ екендігі анықталды. Оқушылар мектептегі іс-шараларға ,сыныптағы іс-шараларға ,үйірмелерге үнемі қатысып келеді. Қалыс қалған оқушы жоқ.



- Сыныптағы тазалық жұмыстарын жүргізу.
- 1-мамыр бірлік пен ынтымақ күндеріне орай тәрбие сағаты ұйымдастырылды.



Сынып оқушылары “Таза Қазақстан!” акциясына қатысып талдар , гүлдер екті.



Сонымен қатар, оқушылар мектептегі үйірме сабақтарына да белсенді қатысып келеді. Волейбол үйірмесінен бірнеше жарыстарға барып жүлделі орындарға ие. 8. Тұжырым: Сәттілік пен табыс, тәжірибе жинақтау жайында:

Оқу жылының соңында 25 мамыр күні “Білімім Отаныма” атты жалпы ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Сынып оқушыларының бойына өз еңбегімен қатар өзгенің еңбегін қадірлеуге, тұрақтылықтылықтың тиімділігін білу, әділдікті сүю, өз ойын еркін айту сияқты қасиеттердің қалыптасуына үлес қостым. Олардың жеке тұлға ретінде қоғамының бір мүшесі екенін ұғындыра білдім деп айта аламын.



Оқушылардың мектеп бітірер сәті де келіп, тарыдай болып келген білім ұяларымен де қоштасып, алдарынан күтіп тұрған зор болашақтарына аттанды. Қош жас түлек!

Сынып жетекшісі: М.Жұмағалиева